

Менингитке қарсы вакцина (Nimenrix, GlaxoSmithKline Biologicals компаниясы өндірген, Бельгия)

Менингококк ауруы - *Neisseria meningitidis* бактериялары тудыратын қауіпті ауру.

Инфекция менингитке (ми мен жұлын қабығының қабынуы) және қанмен улануға әкеліп соғуы мүмкін. Көбінесе менингококк ауруы күтпеген жерден, жалпы дені сау адамдарда пайда болады. Адамнан адамға жақын қарым-қатынас кезінде (жөтелу, сүйісу) немесе ұзақ уақыт байланыста болса, әсіресе бір үйде тұратын адамдар арасында жұғады. *N.*

meningitidis бактерияларының «серогруппалар» деп аталатын кем дегенде 12 түрі бар.

Менингококк ауруы көбінесе А, В, С, W және Y серогруппаларынан туындайды.

Кез келген адам ауыруы мүмкін, бірақ қауіптілігі жоғары топтар бар:

- бір жасқа дейінгі балалар
- 16 жастан 23 жасқа дейінгі жасөспірімдер мен жастар
- Иммунитет тапшылығы бар адамдар
- *N. meningitidis* изоляттарымен жұмыс жасайтын микробиологтар
- Ауру ошағындағы адамдар
-

Жиі қойылатын сұрақтарға жауап:

- Вакцина инфекциядан 100% қорғауды қамтамасыз етпейді. Қол жетімді вакцина 4 менингококк серотипінен қорғайды - А, С, W және Y. Егер сіз басқа серотиппен байланыста болған болсаңыз, аурып қалуыңыз мүмкін.

- Вакцинацияның пайдасы қауіптен асып түсетін жағдайлардан басақа уақытта жүктілік кезінде немесе емізу кезінде Нименрикс ұсынылмайды.

- Нименрикспен вакцинация нәрестенің 12 айынан бастап жүзеге асырылады. Бір жастан асқан балалар мен ересектерге бір рет вакцинация жасалады.

- вакцина тудыратын иммунитет 5 жылға созылады, содан кейін антиденелер саны азаяды. Кейбір жағдайларда ревакцинация жүқтыру қаупі жоғары адамдарға ұсынылады (2 айдан бірнеше жылға дейін).

- иммунитет вакцинациядан кейін орта есеппен бір айдан соң дамиды

- Нименрикс менингококк В серотипіне қарсы иммунитет туғызбайды

- Егер сіз немесе сіздің жақындарыңыз алдағы 10 күн ішінде менингитпен ауырған адаммен байланыста болса, вакцинаны алу кеш болады, ол сізді қорғай алмайды. Бұл жағдайда дереу дәрігерге барыңыз, ол сізге аурудың алдын алу үшін антибиотик жазып береді. Антибиотиктерді бақылаусыз немесе үнемі қолдану өте ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

- Менингиттің барлығы менингококктан туындамайды! Кейбіреулерін вирустар немесе басқа бактериялар қоздырады (Hib, пневмококк және т.б.)

- Бұрын вакцинаға аллергиялық реакция туындаған болса, Нименрикс вакцинациясын жасауға болмайды. Егер сіздің қызуыңыз көтерілсе немесе иммунитетті төмендететін дәрі-дәрмектерді қолдансаңыз, вакцинаны кейінге қалдырған дұрыс.

Нименрикссті басқа вакциналармен (Гекса, Пента, Превенар немесе ҚЕК) бір уақытта алуға болады.

Денсаулығыңызды күтіңіз және ауырмаңыз!

Қосымша ақпарат: [Нименрикс](#)